

ҒТАХА 17.01.33

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610202>

Бейсенова Гулшара Абдибековна*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, beisengulshara@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4873-4674

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ СӨЗ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Жұбан Молдағалиев шығармаларының көркемдік-тілдік ерекшеліктері жан-жақты талданады. Ақын поэзиясының басты құндылығы - тіл шеберлігі мен ой тереңдігінің бірлігінде екені ғылыми тұрғыда сөз етіледі. Академик З. Қабдоловтың «Сөз өнері», З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» еңбектеріндегі көркем шығарма тіліне қойылатын талаптар басшылыққа алынып, Жұбанның поэмаларындағы сөз қолданысы, термин сөздер мен интонациялық асқақ леп пен дыбыстық үйлесімділіктің ақын шығармаларында орынды қолданыла білуі, сөзжасам, бейнелі тіркестер, метафора, теңеу, эпитет, аллитерация сияқты көркемдік тәсілдердің қызметі сараланады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ақынның көнерген сөздерді жаңғырта қолдануы, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді шебер кіріктіруі, ұлттық дүниетанымға негізделген тың теңеулер жасауы нақты мысалдармен дәлелденеді. Әсіресе «Мен - қазақпын», «Нұрлы жол», «Жыр туралы жыр», «Жессір тағдыры», «Айттым сәлем», «Сел», «Туған жер» поэмаларындағы сөз қолдану ерекшеліктері, лирикалық «мен» концепциясы, тарихи шындық пен ұлттық рухтың көркем бейнеленуі талданады.

Мақаланың негізгі мақсаты - Жұбан поэзиясының өзектілігін, тіл тазалығын, образдылық жүйесін жасаудағы сөзжасам жолдарын және философиялық пайым тереңдігі мен ұлттық болмысты көркем игеруінде екендігін айқындау. Сондай-ақ, Ж. Молдағалиев шығармаларының көркемдік-тілдік ерекшеліктерін зерделей отырып, ақын туындыларының поэтикасы жоғары деңгейде екендігіне көз жеткізіп және де көркемдеудің соны үлгілерінің сөздік қолданыста шебер қолданылғандығына көз жеткізу болып табылады. Жұмысты жазу барысында сипаттама, талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Кілт сөздер. Поэзия, поэма, көркемдік тіл, бейнелілік, теңеу, метафора, лирикалық «мен», ұлттық рух, тарихи шындық, тіл шеберлігі, образдылық, философиялық ой, үндестік заңы, сөзжасам, интонациялық леп.

Бейсенова Гульшара Абдибековна*¹

Кандидат филологических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, beisengulshara@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4873-4674

ХУДОЖЕСТВЕННО-ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЛОВ В ПОЭМАХ ЖУБАНА МОЛДАГАЛИЕВА

Аннотация. В данной статье всесторонне анализируются художественно-языковые особенности произведений Жубана Молдағалиева. Научно обосновано, что главная ценность поэзии поэта заключается в единстве языкового мастерства и глубины мысли. Руководствуясь требованиями к языку литературных произведений в работах

академика З. Кабдолова «Искусство слова» и З. Ахметова «Теория поэтического слова», анализируются использование слов в поэмах Жубана, уместное применение терминов, интонационного возвышения и звуковой гармонии в произведениях поэта, а также функции таких художественных приемов, как словообразование, образные выражения, метафора, сравнение, эпитет и аллитерация.

Результаты исследования показывают, что обновленное использование поэтом архаичных слов, мастерское сочетание пословиц и устойчивых выражений, а также создание новых сравнений, основанных на национальном мировоззрении, подтверждаются конкретными примерами. Анализируются особенности словоупотребления в поэмах «Я - казах», «Поэма о поэме» и «Судьба вдовы», концепция лирического «Я», художественное изображение исторической правды и национального духа.

Главная цель статьи - определить актуальность поэзии Жубана, чистоту языка, способы словообразования в создании образной системы, глубину философских размышлений и художественное освоение национальной идентичности. Более того, сравнивая языковые особенности поэм поэта, мы убеждаемся в том, что его поэтический язык очень богат, и что новые формы метафор и выражений, редко встречающиеся у других поэтов, мастерски используются в словарном использовании. В процессе написания работы были использованы описательный, аналитический и историко-сравнительный методы.

Ключевые слова. Поэзия, поэма, художественный язык, образность, сравнение, метафора, лирическое «я», национальный дух, историческая правда, мастерство языка, образность, философская мысль, закон гармонии, словообразование, интонационное восклицание.

Beisenova Gulshara Abdibekovna^{*1}

Candidate of Philological Sciences, West Kazakhstan Innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, beisengulshara@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4873-4674

ARTISTIC AND LINGUISTIC FEATURES OF WORD USAGE IN POEMS JUBANA MOLDAGALIYEVA

Abstract. This article comprehensively analyzes the artistic and linguistic features of Juban Moldagaliyev's works. It has been scientifically proven that the main value of a poet's poetry lies in the unity of linguistic mastery and depth of thought. Based on the requirements for the language of literary works in the works of academician Z. Kabdolov "The Art of Words" and Z. Akhmetov "Theory of Poetic Word," the use of words in the poems of Zhuban, the appropriate use of terms, intonational elevation, and sound harmony in the works of the poet, as well as the functions of such artistic devices as word formation, figurative expressions, metaphor, simile, epithet, and alliteration, are analyzed.

The research results show that the poet's renewed use of archaic words, skillful combination of proverbs and stable expressions, and creation of new comparisons based on national worldview are confirmed by specific examples. The features of word usage in the poems "I am Kazakh," "Poem About Poem," and "Widow's Fate," the concept of the lyrical "I," the artistic depiction of historical truth and national spirit are analyzed.

The main goal of the article is to determine the relevance of Juban's poetry, the purity of language, the ways of word formation in creating a figurative system, the depth of philosophical reflections, and the artistic mastery of national identity. Moreover, when comparing the

linguistic features of the poet's poems, we become convinced that his poetic language is very rich, and that new forms of metaphors and expressions, rarely found in other poets, are masterfully used in vocabulary. In the process of writing the work, descriptive, analytical, and historical-comparative methods were used.

Key words. Poetry, poem, artistic language, imagery, simile, metaphor, lyrical "I," national spirit, historical truth, language mastery, imagery, philosophical thought, harmony law, word formation, intonational exclamation.

Кіріспе. Қазақ поэзиясының даму тарихында Жұбан Молдағалиев шығармашылығы айрықша орын алады. Ақын шығармашылығы соғыс жылдары, соғыстан кейінгі ұлы дүбірлі дәуір және елімізді қайта қалпына келтіру жылдарындағы өзекті тақырыптарды жырлап көтерумен ерекшеленеді. Қазақ өлеңін биікке көтеріп қана қоймай, бүкіл кеңес поэзиясының ілгері дамуына үлес қосқан ақын, көркем сөз шебері. Осы тұжырымға дәлел ретінде, әсіресе «Мен - қазақпын» поэмасында ұлт тағдырын бірінші жақта баяндағанымен, көптік мағынаны үстейтін, тарих пен тағдырдың сабағын үйлесімді байланыстыруда терең түсіндіру құралын, сөз шеберлігін келтіре кетуге болады.

Ақын поэзиясы ұлттық рухты, тарихи шындықты және адам болмысының терең иірімдерін бейнелеумен ерекшеленеді. Оның өлеңдері мен поэмаларында тіл көркемдігі, ой өткірлігі және бейнелі суреттеу тәсілдері өзара үйлесім тауып, мазмұн мен пішін тұтастығын қалыптастырады. Сондықтан, Жұбан шығармаларын зерттеу - қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістер мен тіл мәдениетінің дамуын танудың маңызды бір бағыты болып табылады.

Әдебиеттану ғылымында көркем шығарма тілінің маңызы ерекше екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ақын поэмаларындағы сөз қолданыс ерекшеліктерін, бейнелеу құралдарының қызметін, ұлттық дүниетанымға негізделген теңеулер мен метафоралардың табиғатын талдау өзекті мәселе саналады. Жұбан поэзиясы тек тақырыптық кеңдігімен ғана емес, сөздің ішкі қуатын ашып, аз сөзге терең мағына сыйғызу шеберлігімен құнды.

Мақаланың негізгі мақсаты – ақын шығармаларындағы көркемдік-тілдік тәсілдерді саралау арқылы оның поэтикалық қолтаңбасын айқындау, ұлттық болмысты бейнелеудегі шеберлігін ғылыми тұрғыда негіздеу, аталған мәселелер бойынша ақын туындыларын зерттеген, сыни пікірлерін білдірген зерттеушілердің ой-пікірлерімен салыстыра талдап, бүгінгі теориялық тұжырымдар тұрғысынан айқындау болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі негізінде - сөзді құлпыртып, көркем кестелеудің ғажайып үлгілері Ж. Молдағалиев поэмаларынан анық байқалды. Жұбанның көркемдік шеберлігін саралай келе, ақын өлеңнің тек сыртқы өрнегін әрлеп қана қоймай, оның ішкі мазмұнының тереңдігіне айрықша ден қойғандығын байқадық. Ойды ықшам да нұсқа жеткізуге, халық жадында ғасырлар бойы сақталған ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілеріне тән парасат пен салмақты жаңаша сипатта жырлауға машықтанған. Аз сөзге мол мағына сыйдыратын философиялық толғау дәстүрін өзіндік өрнекпен дамытып, жаңа белеске көтерген қаламгердің өлең жолдары қашан да ойнақы, ұтымды әрі мазмұнға бай болып келетіндігіне көз жеткіздік.

Зерттеу материалы мен әдістері. Жұбан Молдағалиевтің поэмаларындағы көтеріп отырған тақырып маңыздылығын, мазмұны сол шығарманың бастан аяқ тұтастай құрамында қалыптаса отыра мазмұнының терең ой алуын, көркемдік деңгейінің жоғары екендігін айшықтайтын ғылыми еңбектерге сүйене отырып, аталған мақалада ақынның

туындыларын ғылыми тұрғыда саралап, тілдік көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсету негізгі бағыт ретінде алынды. Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар талантты ақындарымыздың бірі Ж. Молдағалиев шығармашылығы осы уақытқа дейін көптеген әдеби-сын мақалаларда сөз етілді. Ол еңбектерде суреткер ақынның өзіндік шеберлік қырлары туралы әр түрлі пайымдаулар жасалған. Бұл бағытта З. Қабдолов, З. Ахметов, С. Қирабаев, С. Шарабасов, М. Базарбаев, Р. Казакова т.б. зерттеушілердің ой тұжырымдарын айтып кетуге болады. Біз өз жұмысымызда ақынның эпикалық шығармаларының көркемдік ерекшелігіне ғылыми талдау жасап, ондағы образдар жүйесін, олардың жасалу жолдары мен көркемдік сипатын ашып көрсетуді мақсат еттік.

Ж. Молдағалиевтің қоғамдағы өзекті мәселелерді уақытында жырлап көтерген поэмаларының қазақ поэзиясындағы алатын орнын, ақындық шеберлігі мен өзіндік стилін тануда салыстырмалы талдау мен кешенді әдістерге сүйендік. Зерттеудің негізгі нысаны – Жұбан поэмаларының көркемдік-тілдік қырлары болғандықтан, негізінен оның туындыларындағы қаламгердің шығармашылық даралығын танытатын тұстарын іріктеп алып, талдау барысында мазмұнын баяндаумен қатар тілдік ерекшеліктерін де тереңірек қарастыруға ерекше мән бердік.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Жұбан Молдағалиевтің еңбектерімен танысқанда, ақын туындылары оқырмандарын несімен қызықтырады, дастандарындағы терең ойдың құдіретін ақын өлең тілі арқылы қалай жеткізе алғаны, сондай-ақ сөз қолдану шеберлігіндегі сол сөздердің жүрегімізге жылы тиіп, жанымызға жақын болу себебі неде деген сұрақтарға жауап іздейміз. Академик З. Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегіндегі көркем шығармаға қойылатын негізгі талаптарға тоқтала кетсек, «Сюжет – орасан мәнді нәрсе, бірақ сюжетсіз шығармалар болатынын білдік. Тіпті композициясы ойдағыдай ширап жетпеген тым тәуір шығармалар да бола береді. Ал тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек хәм биік», - деп баса көрсеткен [1,185 б.]. Бұл пікір тек қана Зейнолла Қабдоловтың ғана тұжырымы емес, әдебиеттану саласындағы көптеген ғалымдардың айтар ортақ тұжырымы. Ендеше негізгі шығар қорытынды ой – көркемдіктің басты негізі тіл. Сондықтан да, Жұбан Молдағалиев поэмаларының көркемдік қырларын тереңірек тану және айқындау үшін ақынның тілдік шеберлігіне, сөзді қолдану тәсілдеріне, өлеңдегі бейнелілік пен суреттілік мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Өйткені, ақынның өзіндік қолтаңбасының ерекшеліктерін осы тұстан көреміз. Шығармаларының өзектілігін, оқырман ойын жаулап алатын ой құдыретінің кілтін табамыз.

Поэзияда тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой - сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз - ақындық, көркем ой-сезімді жеткізудің құралы». [2, 7 б.].

Ақынның тіл қолданудағы ерекшелігі – бір сөзбен терең ойды жеткізе білу шеберлігі. Сонымен қатар, қазіргі кезде сирек қолданылып, ұмыт бола бастаған историзмдер мен архаизмдерді сөздің бейнелілігі мен мағыналық тереңдігін күшейту мақсатында орынды пайдаланады. Ақын мақал-мәтелдерді және де қазақ әдебиетіндегі өткен ақындарымыздың өлең жолдарын, қанатты сөздерін шығармасына шебер үйлестіре біледі. Бұдан бөлек, өлең өлшемдерін шығарманың ырғағы мен мазмұнына сәйкес өзгертіп қолдануы, интонациялық асқақ леп пен дыбыстық үндестікке ерекше мән беруі, жана әрі тосын ұйқастар табуға талпынуы да оның поэтикалық тілінің басты ерекшеліктері болып саналады.

Әр қаламгер өз дәуірінің ғана ұлы бола алады деген қағиданы еске алар болсақ, Жұбан да өз дәуірінің ұлы болды, сол заманның жырын жырлады, өз уақытындағы

үлкенді-кішілі қоғамдық тарихи істерге араласты. Ол өз замандастарымен бірге Ұлы Отан соғысына да қатысты, тың жерлерді игеруге де шығармашылығы арқылы араласты, адамдардың ғарышты игеруін де өз көзімен көріп куә болды. Сол өз көзімен көргендерінің барлығын да жырға қосты, мақтан етті. Өйткені, оның бәрін жасап жатқан оның замандастары еді. Егер біз кеңес дәуірінің шындығын Жұбан шығармалары арқылы танымыз десек, онда Жұбанның да өз дәуірінің айнасы бола алғандығы. Өзі өмір сүрген ортаның, заманның қайшылығы мен жақсылықтарын бізге жеткізе алғаны.

Ал, осы тарихи маңызы зор оқиғаларды ақын өз шығармаларында көркем тілмен көркемдеп оқырмандарына қалай әсерлі жеткізе алды деген күрделі мәселеге тоқталсақ, соғыстан кейінгі қиын жылдардың басты тақырыбы – жұмысшы тақырыбы екендігін білеміз. Осы тақырыпты арқау еткен «Нұрлы жол» поэмасы қазақ поэзиясында жұмысшы еңбегін жырлаған алашқы шығармалардың бірі болып саналады. Поэманың құндылығы – тек тақырыбымен ғана шектелмейді, сонымен бірге талапты, жас жігіт Жігердің еңбек барысында өсіп-жетілуі мен тұлға ретінде қалыптасуын бейнелеуінде. Шығарманың тілі, сөз қолданысы жеңіл, әрі образды бейнелеуі әсерлі. Ақын сол кездің өзінде қолданыстан шығып бара жатқан көне сөздерді олардың мағынасына сай орынды пайдаланып, шығарманың тілдік көркемдігін арттыруға ерекше көңіл бөлген. Мысалыға тоқтала кетсек, поэма мазмұнында қолданылған жаңа көрік, жақсы мағынаға ие болған «жүгірмек» деген сөзді ерекше атағымыз келеді. «Жыр – соның өз жаршысы, жүгірмегі, Шарлайды шартарапты бұ күндері», – делінген. «Жүгірмек» сөзі бұл жерде «хабаршы», «шабарман» деген мағынаны білдіреді. Ақын көнерген сөзді қайта жандандырып, оған жаңа ренк беріп, мағынасын түрлендіріп, көркем образ жасауға шебер пайдаланған. Күрделі жасалған әдемі метафора, суреттелген әр бейне, сипат өз мағынасының шеңберінен шығып, айтылған, көрсетілген жайлар арқылы тасада тұрған, туралап айтылмаған ойды аңғарып сезінуімізге мүмкіндік береді. Дала өміріне, қазақ даласына енді ғана келіп жеткен техникалық жаңалықтарды халыққа түсінікті бейнелермен салыстыра отырып суреттеуде ұтымды пайдаланады. Өлең жолында «қайырылып қалған кемедей, далада тұрды комбайн. Алтын дән теңіз-телегей, күн қақтап жатты маңдайын» деген жолдар бар. [3, 43 б.]. Қазақ тілінде «-дай», «-дей», «-тай», «-тей» жұрнақтары теңеу арқылы сын есім жасауға немесе затқа ұқсата көрсетуге қолданылады. Бұл жерде комбайнның «кемедей» болып, «теңіздей» толқыған егін алқабындағы бейнесін көркем тілмен салыстыра теңеп бейнелеген. Шын мәнінде сол кез үшін теңіздей толқыған егіннің ішінде кемедей қайырылып тұрған комбайн сол уақыт үшін үлкен жаңалық саналды.

Поэмадағы басты кейіпкер талапты әрі еңбекқор Жігер бейнесін жасауда ақын әртүрлі детальдарды тиімді пайдаланады. Мысалы, «тигенде құрыш қолымыз, тетік боп шығар өмірге, ұршықтай ойнап оныңыз» [3, 44 б.]. Бұл жерде «құрыш тетік, ұршықтай ойнау» деген сөздер Жігер образын сомдауда сәтті қолданылған. «Құрыш» адам бойындағы күш-қуатын, төзімділігін көрсетеді, «ұршықтай ойнау» шеберлік пен икемділікті білдіреді. «Тетік» сөзі қажетті зат, өзіндік қызметі бар компонент дегенге келеді. Қазіргі тілде бұл сөздерді сол баламаларымен қолданып жүрміз.

Ақын туындыларында оқырманның есінде жатталып қалатын мәнді және ойлы қанатты сөздер көп кездеседі. Моральдік немесе тәрбиелік мәні бар «Дарынсыз адам – данқ құмар», «Ер жоқта ергежейлі ерсінеді» және сезім, махаббат туралы ой білдіретін «Сүйгенге сүйе білген еркелейді», «Алдында махаббаттың тас жібиді», «Сүйген қандай, сүйікті болған қандай» деген сияқты жеңіл, тілге қарапайым әрі ойға қонымды өзіміздің сөздік қолданысымызда жиі қолданылатын тіркестерді де сөз орамында тиімді қолданады. Олар поэзиядағы ұсақ тілдік нақыштар арқылы адам бойындағы сезім мен қасиетті анық жеткізеді.

Сөзді орынды қиыстыра пайдалана отыра, құбылтудың сан алуан небір тамаша үлгілерін Жұбан поэмаларынан көруге болады. Өлеңнің тек сыртқы көрінісіне ғана көңіл бөліп, көркемдеп қана қоймай, мазмұнының тереңдігімен қатар ойды ықшам әрі дәл жеткізеді. «Дертіммен емдеп дертімді дәрігерім өзің бол енді» деген тіркесте «дәрігер» сөзі метафора, тура мағынасында емес жанын түсінетін дәрігерге теңеп тұр. «Дертім» сөзі екі рет қолданылып, ойдың әсерін күшейтіп лексикалық қайталау түрінде қолданылған. Метафоралық бейнелеу мен сөз қайталау арқылы сезімді әсерлі жеткізуі бұл да ақынның сөз қолданысындағы ерекшелігі. «Жан деген нейлон көйлек емес, жолдас. Тазарту қиын оны кір шалған соң», «Адам жанын суаруға жаралған. Ақын атты мәңгі бақи мұраптар», «Титтей бір көшірмесі жүрек күннің, Немесе алып түрі күн жүректің» [3, 74 б.] деген жолдарда метафора, ауыспалы мағына, қарсы қою сияқты көркемдік тәсілдер қолданылып, ой әрі әсерлі жеткізілген. «Жан» затқа (нейлон көйлекке) салыстыра отыра адам жанының тазалығын бейнелеген және антитеза (қарсы қою) арқылы жанның кір шалса киім сияқты оңай тазармайтындығын көрсету арқылы ойды тереңдетеді. «Жанын суару» тіркесі рухани нәр беру деген ойды білдірсе, ақындар мұраптарға теңеле отыра, адамдардың жан дүниесін нәрлендіруші деген мағынады шебер қолданылған. «Жүрек» сөзі мен «күн» сөздерін бір-біріне бейнелеп, салыстыру арқылы адамның жүрегіндегі жылу, жарық, мейірімді көрсетуде ұқсастық ерекшеліктерін ұтымды пайдаланған.

Жұбан халық жадында ғасырлар бойы сақталып келген ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілеріне тән парасаттылықты, терең мағынаны, аз сөзбен көп ойды білдіруге негізделген толғаулардағы философиялық дәстүрді өзінше жаңартып, өзгеше сипатта жырлауды қалыптастырған ақын. Сондықтан да, оның өлеңдері әсерлі, ұтымды әрі мазмұнға бай болып келеді. Өзге ақындардың шығармаларында жиі кездесе бермейтін жаңа, тың эпитеттер де көп кездеседі: «жігіт ой» «отты күй», «қылаң жол», «дығал таулар», «дыр дала», «қобалжың көңіл», «бурыл дауыл», «атам дерт», «емсіз ғашық» секілді әсерлі тіркестер ақынның көркемдік өрнегінің байлығын, тілдік шеберлігінің іскерлігін көрсетеді.

Ақын поэмасында жазу стилі мен тіл өрнегі жағынан өзіндік тың табыстар да кездеседі. Табиғатты, адам мінез-құлқын бейнелегенде, олардың көңіл-күйін суреттегенде қысқа әрі әсерлі, дәл де тапқыр сөз тіркестерін ұтымды қолданады. «Сұп-суық, қысқы күзгі күн, тұтқынға салған кісендей», «сарғайып жатыр бүктеліп, жазылып біткен парақтай», «бұрауы біткен сағаттай, самарқау сазып тұр жүрек» [3, 24 б.]. Өлең жолдарындағы «сұп-суық, қысқы күзгі күн» эпитеті мен тұтқынға салған кісендей» деген теңеулерді ақын алыстан іздеп, күрделендірмей-ақ, оқиға мазмұнын айналадағы заттар мен құбылыстар арқылы береді. Ал, адам өмірінің аяқталу сәтін «бұрауы таусылған сағатқа» теңеуі ақынның тапқыр сөз қолданысы ғана емес шынайы суреткер екендігін аңғартады. Бұл жолдардағы теңеулер арқылы жасалынған көркем бейнелер қазақ поэзиясында бұрын сирек ұшырасатын, өзге ақындарды көп кездесе бермейтін тың суреттер болып табылады. Осы арқылы Жұбанға тән сөз қолдану мәнері мен поэтикалық өрнегі анық байқалады.

Барлық халықтың фольклорында болсын, жазба әдебиетінде болсын теңеу кеңінен қолданылып, кез-келген әдеби кейіпкерлердің портреттерін жасауда, табиғат көріністерін келбеттеуде, кейіпкерлердің мінездерін, іс-әрекеттерін сипаттауда, басқа да толып жатқан жайларды екінші бір ұғыммен салыстыра баяндауда ұтымды стильдік тәсіл ретінде мол қолданылады. Сол сияқты, қазақ тілінің сөздік қорында теңеулер өте көп қолданылады. Жұбан ақын поэмаларында да пішіні мен мазмұны үйлесім тапқан осындай көркем теңеулердің соны үлгілерін кездестіреміз. Мысалыға, «Қазақтың камшыға ілген тымағындай, Сайқұдық басындағы жалғыз ағаш» немесе «Тарландай

тарпып тепсеңін. Жел сорған ернің көнектей» деген көркем теңеулер -дай, -тей жұрнақтары арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігіне жақын заттармен (тымақ, қамшы, тарлан ат, көнек) салыстырып бейнелеу арқылы бейнелелік пен әсерлілікті күшейте жасалынған.

Теңеу тек жеке бір қаламгердің ғана шеберлігінен емес, әрбір халықтың дүниетанымымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық тұрмыс-тіршілігімен байланысты қалыптасатын таным-түсініктерден туындайды. Әдебиеттанушы ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіпов «Дағдылы балама және жаңалық мәселесі» атты еңбегінде: «Біздіңше, белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің қолданылу өрісін арнайы салыстырып қарастыру арқылы да әрі дәстүр мен жаңалықтың өзара байланысын, әрі ақын ерекшелігін, қосқан үлесін нақты ашуға болады. Қазақ халқы ежелден мал шаруашылығымен айналысқандықтан, дәстүрлі теңеу, баламалардың да көбінесе төрт түлік малмен, әсіресе, жылқымен байланысты болып келгені мәлім (тіл білімі мамандарының да, әдебиет зерттеушілерінің де бұл мәселеге назар аударып келгені белгілі)», - деген пікірін білдіреді. [4, 171 б.]. Сайқұдық басындағы жалғыз ағашты «қамшыға ілген тымаққа», ғарыш кемесін «тарланға», шөлден ісінген ерінін «көнекке» теңеуі жоғарыда айтқан ғалым пікіріне дәлел бола алады. Бұл теңеулер, біздің ойымызша, көбіне қазаққа ғана түсінікті, қазақтың таным-түсінігінде ғана көркем бейне ретінде қабылданады. Ал дүниетанымы мен түсінігі өзгеше қалыптасқан басқа халықтар үшін мұндай салыстырулар тосындау естілуі де мүмкін.

Көркем сөзді шебер қолдану барысында, қазіргі уақытта қолданыстан шығып бара жатқан көне сөздерді де ұтымды пайдаланып отырады. Мысалыға,

Мен – солдатпын,
Сендер – жаугер жалаусыңдар;

Кек сақтап, кежденеді
Көл жатыр көк айдыны ноғалалы;

Өзі алдияр, жердегі тіршілікке;
Ұят та – зор парыз – зор сүндет;

Секілді биіктік қиялы
Жел перідей жүйткіді құс қанатты [5, 74 б.],

Шал шамасы, бір ғасырдай,
Тоқсанды анық бұқырлаған [3, 262 б]

Ақын шығармасында осындай көнерген сөздерді көптеп кездестіреміз. Көптеген көнерген сөздермен бірге кейбір жергілікті диалектілердің де заман ағымына қарай қолданыстан шығып бара жатқаны белгілі. Осындай сөздерді өлең жолдарында ерекше реңк беріп, жаңа мазмұнда қолдануға мән берген. Мысалы, «жаугер» сөзін соғыста пайдаланылатын ат қылынан жасалған ту мағынасында алған, ал «кеждену» - менменсу, «ноғалалы» - толқынды, «сүндет» - парыз, міндет, «бұқырлаған» - жеңген, енсерген деген ұғымда қолданған. Бұл жерден Жұбанның өз шығармашылығына жай қарамай, үнемі ізденіс үстінде жүріп, жаңашылдыққа бет бұратындығын байқаймыз.

«Жыр туралы жыр» поэмасында соғыс кезіндегі қасіретті күндерді бейнелеуде көркемдік тәсілдер шебер қолданылған. Әсіресе теңеулердің мол пайдаланылуы шығарманың көркемдігін арттыра түскен. Тұтқындағы Мұсаның ауыр жағдайын суреттегенде «бұрауы біткен сағаттай, самарқау соғып тұр жүрек», «алдында отыр құбылып, жылан көз сары жандарм», «сұп-суық қысқа күзгі күн, тұқынға салған

кісендей» деген теңеулерді қолданады. Әлбетте, жүректің соғысы мен сағаттың соққан тықылы арасындағы байланыс ұтымды теңеу. Бірде өліммен қорқытып, бірде өздеріне адал қызмет етуді талап еткен неміс жендетін жыланға теңеуі де ақынның суреткерлік шеберлігін көрсетеді. Сонымен бірге, күздің қысқа әрі суық күнін сипаттай отырып, оның адам жанын түршіктірер ызғарлы салқынын кісенге балайды.

Теңеу туралы айтылғанда салыстыру үшін қандай нәрсе алынып отырса, соған көбірек мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Сол салыстыру арқылы сипатталып отырған құбылыс, нәрсе қандай, оның нендей ерекшелігі көрсетіліп отыр және екі нәрсені теңестірудің өзінен қандай мағына туып, ой аңғарылады – міне, алдымен осылар толық ескерілуі тиіс [6,18 б.].

«Айттым сәлем» поэмасының тақырыбы ерекше. Мағыналық құрылымы мен тәрбиелік мағынасы зор. Ақын ХХІ ғасырдың жас аруларына бағытталған жолдауы арқылы өз ойы мен сезімін келер ұрпақтың аруына арнап жеткізеді. Өзінің сезімін білдіруде «жер астының отындай сөнбейді», егер мен өмірден өтсем «көбелектей кептіріп кітапқа салып, жесір жырымды ұсынарың», «жаңғырығы секілді келешектің, естіледі сиқырлы күлкілерің», «шүберектей алаулап өртенді үнім» сияқты тамаша теңеулерді қолданады. Бұл тіркесті сөздер астарынан ақын сезімі, ой-пікірлері уақыт өте келе жойылмай, қайта жаңғыра түседі деген мағынаны ұғамыз. «Көбелектей кептіріп кітапқа салу» - өлең мен сезімді кітапқа жазып сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу символы. Ұрпақтар сабақтастығы да осылай жалғасын табатынын ұғынасыз.

Ақын жүз жыл кейінгі жас аруға өз заманының кейіпкері Шолпанның бойындағы ақылдылықты, тәрбиесін іс-әрекетімен дәріптей отыра, ізгілікті, тазалықты насихаттайды. Шолпанды «миуа бақтай саялы», бой түзе өскен шағын «тоты құстай тыңнан-тыңға түрлендің» деп әсем суреттеп, «жүрген жеріңе шырағдан жақтың», сонымен қатар пәк тазалығын «айна бұлақ, оның тазалығынан бірақ ешкім дәм тата алмады» деп нәзік астарлау арқылы бейнелейді. Осы тұстағы ақын ойының әр алуан кейіпте образдылық сипатта көрінуі өлеңдегі суреткерлікті, бейнелілікті нақты көрсететін мысал бола алады. Басқа поэмаларында да сөз ажарлауға қатысты сөз қолданыстарындағы көркемдегіш құралдары жеткілікті.

Мәселен, ақынның ең көлемді шығармасы «Жесір тағдырын» алайық. Бұл поемада ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының жағдайы, сол кездегі тарихи оқиға төңкеріске араласқан қазақ әйелінің тағдыры арқау етіледі. Айша бейнесін сомдауда тілдік көркемдеудің керемет нақыштарын қолданған. Айша келбетін ақын шығарма сюжетіндегі тартысты шырғалаң оқиғалар өрбуіне орай сан алуан құбылтып беріп отырады.

Жарқ етті кенет әріден,
Қыз Айша, албырт ақ Айша.
Әуелеп асқақ әнімен
Бастайтын ойын, тойды өзі.

Шумақта «жарқ етті» деген бейнелеу еліктеуіш сөз қисынын тауып қолданылған. Айшаның келбетін ғана сөз етпей, жасқа тән жігерлілік, мінезіндегі еркелік пен еркіндікті бейнелеу үшін, оқырман назарын өтіп жатқан көрініске бірден аудару мақсатында қолданылған.

Жалпы, Жұбан поэзиясының ерекшелігі ретінде оның жиі қолданатын еліктеуіш және бейнелеуіш сөздері шығарманың көркемдігін арттыра түсетінін айта кеткен орынды. «Сел» поэмасында мұндай сөздер топ-тобымен кездеседі.

Жебедей садақ сермеген,
Жұдырықтай тас боп түйіле
Сарт етіп сол сөз «Сел!» деген

Жетті Үкімет үйіне.

Немесе,

Қарғаша біреу қаңқ етті

Шаңқ етті тауда тап сонда.

Осындай ажарлап жеткізудің неше түрлі мысалдарын ақынның барлық туындыларынан кездестіреміз. Мысалы, «Жесір тағдыры» поэмасында да сөз бен ойды құбылта қолданудың бірнеше түрі кездеседі.

Сол Айша міне, мұң шерткен,

Күлкісіз, сөлсіз, сұсты адам.

Жүзіне ерте түнерткен

Мезгілсіз сұр бұлт қыстаған.

Мезгілсіз опат болғандай,

Әсем ән, жастық, өр талап.

Мезгілсіз өмір солғандай

Отызды ғана орталап.

Екі шумақта «мезгілсіз» сөзі бірнеше рет қайталана қолданылғанымен өлеңнің мазмұны мен мағынасын бұзып тұрған жоқ, керісінше реңк беріп, ырғақ жүйесіне үйлесіп, шығарманың көркемдігін айқындай түседі. Айшаның келбетіне «мезгілсіз қыстаған сұр бұлт» (қайғы, қасірет, мұң), «мезгілсіз солған өмір» (қыршын кету, мақсатына жете алмау) – бұлардың барлығы да құбылтудың шебер үйлескен үлгілері. Осы шумақтағы «мұң шерткен» метафораны және «күлкісіз, сөлсіз, сұсты адам» деген плеоназм негізінде жасалған эпитетті осы тұста ұтымды қолданған. «Түнерген жүзіне сұр бұлттың ерте қонуы» деген бейнелі сөздерді шебер қолдану арқылы, ақын осы екі шумақтың өзінде-ақ көркем тіл өрнегінің сан қырлы құбылу қасиетін айқын көрсетеді. Әрине, бұл - шабыт пен жылдар бойы қалыптасқан Жұбан ақынның сөз қоданысындағы тілдік шеберлігінің жемісі.

Поэманың «Ақ үйдегі қара ойлар» тарауында:

Ақ үйдің ойы қап-қара

Жүрегің қалай шайылмас.

Паш етпек Айша ақтара

Шешінген - судан тайынбас.

Шұқи ма қарға қарғаны,

Ұғысты олар ұзамай.

Тай тулап қайда барады

Дыз етпе оқыс ызадай, - деген

шумақта «шешінген - судан тайынбас», «қарға қарғаны шұқымас», «тай тулап қайда барады» деген мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер және «жүрегі шайылу», «дыз етпе», «паш ету» секілді тұрақты тіркестер поэмада Айша образын шындауда өң беріп тұр.

Паралелизм тәсілі арқылы табиғат пен адам әрекетін салыстыра бейнелеуі де сәтті шыққан. Бұл жердегі, «ақ үйдің ойы» - метонимия, «желдің сыбырлауы» - кейіптеу, ал «мұрт» сөзі – синекдоха. Дегенмен, бұлардың барлығы біздің танымымыздағы көркемдік тәсілдер ғана. Ал ақын поэманы жазу барысында сөздердің ғылыми поэтикалық қырын емес, олардың көркемдік әсерін, ұйқас пен ырғақ арқылы ойды әсерлі жеткізуді басты назарда ұстағаны анық.

Ж. Молдағалиев өлең ырғағы мен айтылымын пішініне келтіру үшін аллитерация мен ассонанстарды да жиі пайдаланады. Дауыссыз қатаң «к» дыбысының әр тармақта

кайталанып келуі тек әуезділік үшін емес, өлеңнің ішкі мазмұнымен де тығыз байланысты. Бұл – ақынның шеберлігі.

– Қазы да қозы, қыз, қымыз.

Қазаққа шіркін, керегі.

Қымызды, кәне, құйыңыз

Қызды да құдаң береді (аллитерация).

«Өнердің қай саласында болмасын үнемі суреткердің алдында тұратын негізгі, тұрақты міндеттердің бірі – бүгінгі күн проблемасы болса, мұның өзі дәстүрдің дамуы мен жаңалық тууының да ұйтқысы. Өйткені бүгінгі күн дегенді дәл бүгінгі күн немесе ең соңғы күндердің оқиғасы деп тар мағынада ұғынбауымыз керек. Себебі ол тақырыптың ғана айналасындағы мәселе емес, мәні терең, қамтитын жайлары мол проблема. Демек бұл әдеби жанр, тақырып, мазмұн жаңалығы, қаһарман, характер, стиль, көркемдік тәсілдер, көркемдеу құралдарын қолданудағы суреткерлік шеберлік, ақындық тілдің жетілуіндегі жаңалықтар секілді күллі әдеби процеске қатысты проблема» [7, 119 б].

«Туған жер» поэмасы автордың туған өлкеге деген ішкі сезімін көркем тілмен әсерлі жеткізген туындысы. Ақын табиғат көріністерін бейнелеуде бейнелі сөздер мен көркемдік тәсілдерді шебер қолданады. Мысалы, Жыландының келбетін «айдаһар тұрқы секілді» деп сөзбен сурет салғандай оның айбынды, тылсым сипатын ашады. «Жыланды жатыр ирендеп», «бұран бел лаң жыланның, белінен салған құрсаудай, нар бөгет басып тұр сайды» деген тіркес сөздері арқылы табиғаттың күрделі бітімі мен көрінісін нанымды суреткерлікпен берген. Осы секілді, шабындықты алқапты «теңіздей көк жалға», бұлтты «көлеңкесіндей көлдердің» деген тіркестермен теңеп және де «көк жал» деп көк шөпті «жалға» (жануардың жалына) теңеу арқылы бейнелеумен қатар метафора болып тұр.

Ж. Молдағалиев – халқына деген адал, азаматтық, перзенттік парызымен ел есінде мәңгі қалған ардақты ақын. Ол өз жырларында әрқашан да кез-келген ауқымды тақырыпты адалдық, ар-ождан деген позициямен жырлай отыра, әділдікті тіке айтатын. Оның бойындағы осы табиғи қасиеттері шығармаларынан анық көрініс табады. «Мен – қазақпын», «Жыр туралы жыр», «Дала дастарханы», «Туған жер», «Қыран дала», «Сел», «Байқоңыр баспалдақтары» т.б. шығармалары тақырыптық аясы терең туындылар.

Ақын өз халқының тарихындағы әрбір кезеңді баяндауда жүрегінен өткізе жырлады. Қазақты жалпылама сипаттамай, өз болмысымен біртұтас етіп, «мен» деп жырлады. Тұтас бір ұлттың бүкіл өткен жолын сол лирикалық «меннің» бойына шоғырландырды. Сол дәуір үшін мұндай көзқараспен үн қату – үлкен батыллықтың белгісі еді.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөрегімде таныстым мұң тілімен

Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген [8, 6 б.].

Осы жыр жолдарында ерекше бір лепті екпін бар. Ол шығарманың пафосына байланысты болса керек. С. Қирабаев: «Үлкен ақындық тебіреніс пен сезімге құрылған осы жырдың пафосын да (күдіретін немесе қасиетін) белгілейтін – адамдық парызы», – деп бағалайды [9].

Жалпы, Жұбан жырларындағы ақындық «меннің» қолдану аясында өзіндік тілдік ерекшелік бар. Мәселен, Махамбет жырларындағы лирикалық «менде» жеке тұлғаға тән өз атынан баяндау әдісі («Мен, мен, мен едім, мен Нарында жүргенде, еніреп жүрген ер едім») қолданылса, Жұбан поэмасындағы «менде» көптің атынан баяндау әдісі айқын көрінеді.

Осы поэманың тұтастай мазмұнынан байқайтын тағы бір шындық автор барлық оқиға желісін өз бойына жинақтап «мен» деген сол халықтың өкілі ретінде өз атынан баяндайды, өйткені осы оқиғалардың барлығы тарихта болған шындық және өзінің ата-бабаларының тағдыры еді. «Мен» деп тек бірінші жақпен шектеліп қоймай, әрбір эпизодтық бейнені белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүрген тұлғалардың болмысына жинақтайды. Мысалы, Исатай мен Махамбет патшалық Ресейге қарсы көтерілген қазақ шаруаларының ерлік рухын танытса, Шоқан мен Абай білім мен ағартушылықтың символы ретінде көрінеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс - Амангелді Иманов арқылы, Қазан төңкерісі – Әліби Жангелдин арқылы, 1936 жылғы Мәскеу декадасы Жамбыл мен Күләш бейнесімен, ал репрессия кезеңі Сәкен арқылы суреттеледі. Ұлы Отан соғысы да Әлия, Мәншүк, Төлеген, Рақымжан секілді батырлар тұлғасы арқылы көрініс табады. Аталған кейіпкерлер шығармада жеке-жеке образ болып көрінгендей болғанмен, поэманы толық оқығанда олардың барлығы жинақтала келе бірігіп «қазақ» деген тұтас бір бейнеге айналатыны аңғарылады. Мұндай тәсіл шығарманың композициялық құрылымын күшейтіп, сюжеттің серпінді дамуына ерекше ықпал етеді.

Жұбан поэмаларындағы ақынның осындай сөз қолданыс шеберлігі өте көп кездеседі. Ел басына зор қасірет әкелген 1932 жылғы ашаршылық пен одан кейінгі сталиндің қуғын-сүргін жылдары да ерекше шеберлікпен, ықшам түрде бір шумақтың бойына сыйдырылған. Негізінде, бұл жағдай кеңес дәуірінде ашық айтуға тыйым салынған, жабық тақырыптардың бірі еді. Соған қарамастан, Жұбан ақын батыл түрде өз шығармасында бейнелеп көрсетеді:

Жылды айтпаймын қап түбін бос ақтарған,
Шалбарымның белдігі босап қалған.
Түнді айтамын бауырымнан Сәкенімді ап,
«Жау» деген сөз жанына қосақталған.

Жұбан ақын астарлы ой арқылы тарихта өткен қаралы заман шындығын «қап түбін бос ақтару» мен «белдіктің босап қалуы» тіркестері арқылы асқан суреткерлікпен баяндайды. Ашаршылық қасіретінен қырылған халық қасіретінің көрінісін тұспалдап жеткізуінің сәтті шыққаны сондай кез келген қазақ тілді оқырманның өзі аңғармай қаласыз. Сәкен бейнесін пайдалана отыра, ұлт үшін құрбан болған барлық жазықсыз жандардың біртұтас бейнесін жасауда ұтымдылық бар. Бұл – жинақталған халықтық образ, аз сөзбен терең ой жеткізу шеберлігі айқын көрінеді.

Осы оқиғаны баяндап тұрған шешендік тіркестер басқа тілге аударыла қоймайтын идиомалар сияқты. Мысалы; В. Казакова аударған осы жолдың аудармасын қарайық:

Не о том, о голодном припомнил я годе,
Когда – жалкий ломоть, да и тот на двоих.
Я о том, как врагов находили в народе
Так был вырван Сакен из обятий моих [10, 73, 4 б.].
Өлең Жұбан ақын жырлаған лепті интонациясынан айрылған.

Ж. Молдағалиевтің өзіндік шеберлігін, құдіреттілігін ф.ғ.к., профессор С. Шарабасов өз мақаласында тамаша талдау жасап, соны пікір айтады. «Ф. Достоевский шығармасында көбінесе қолданылатын әдеби термин көп үнділік «Мен қазақпын» поэмасында да орын алған, көп үнді поэма. Орыс жазушысы бір психологиялық мезетке бірнеше адам өзгерісін енгізсе, ал Жұбан бір поэма желісіне ғасырды, жүздеген елеулі оқиғаларды салыстыра алған. Поэма жанры да жаңаша жасалған. Бір поэма тұла бойында оқиғалы жыр, қаһармандық дастан, сыңғыр сонет, баллада, қыршын эпиграмма, философиялық фон, сан психологиялық шегіністер, желдірме, кәдімгі ән, жоқтау мен жылау – қысқасы, қазақ поэзиясына жауһар қасиетінің бәрі мен әрін толық енгізе алған. Ақын идеясы сан қилы, құрыш тілі поэтикалық бейнелер арқылы поэтикалық

символикаға айналатындығын айтумен қатар, символ-астарлау, бір нәрсені тура суреттемей, басқа құбылысқа тели бейнелеу. Жұбанның қазақ образы шындыққа суарылған. Көркем бейнеден әрі суық қанды философиядан туып отырады. Асқақ ғұн, сақ, түріктер тарихи тепіректі көп көрген. Бір қарасақ әсіреңкі аңыз. Тағы дала, кер заман. Ақынның «күннен тудым» тармағының тырнақшасын алса болғаны, әйгілі Мағжан айтқан «Шығыс күннен тумай, қап-қара түннен туды» дегенге кім нанар дегеннің ишарасы болып шығады», – деп өз пікірін білдіреді. [11, 294 б.].

«Мен қазақпын» поэмасының композициялық құрылысы өте күрделі, өлең өрнегі тамаша тарихи, саяси толғау. Шығарма құндылығы – образдылығы мен ойлылығында, тіл шұрайлығында.

Қорытынды. Зерттеу барысында, Ж. Молдағалиев шығармашылық жолында қазақ өлеңімен бірге өзі өмір сүрген заманындағы барлық көп ұлтты кеңес поэзиясын ілгері дамытқан белді ақын, көркем сөз шебері екендігіне ерекше тоқтала келе, ақынның жазушылық шеберлігінің үнемі даму үдерісінде болғандығына көз жеткіздік. Зерттеу нәтижесінде, ақын туындыларының оқиғалары мен ойлары жүйелі әрі терең байланыста жырлана отыра тарихи және саяси тақырыптарды толғағандығын аңғара отыра, сонымен қатар өлеңдерін тек тілдік жағынан ғана жетілдіріп қоймай, ойының да терең, айшықты болуына әрдайым баса назар аударып отырғандығын белгілі мысалдар келтіре отыра айқындалды. Яғни, Ж. Молдағалиев заман мен қоғам мәселелерін қозғап, сол кезеңдегі тақырыптарды көтерді.

Шығарманың көркемдігі ең алдымен тілінің көркемдігімен өлшенсе, екіншіден мазмұн мен түрдің арасындағы үйлесімділікпен өлшенетіндігін ескерсек, Ж. Молдағалиев – тіл байлығын шебер қолданған ақын, ендеше ақын шығармаларының басты өлшемі – тіл көркемдігімен және мазмұн мен түрдің үйлесімділігінде. Ал тіл көркемдігі дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылықпен белгіленеді. Басқаша айтқанда ой айқындығы, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі, жинақылығы көркемдіктің негізгі шарты болып саналады.

Қорыта келе айтарымыз, тенеу, мақал-мәтелдер, көркемдік құрал түрлері орнықты қолданылуымен қатар, жинақталған халықтық образ сомдау әдісі Жұбан Молдағалиев сөз қолданысындағы өзіндік қалыптастырған жаңа тәсіл екендігі дәлелденді. Ж. Молдағалиев шығармасын терең түсініп оқыған оқырман ақынның әр сөзді жай ғана ұйқас үшін ғана қолданбай, оған үлкен мағына жүктейтінін байқайды. Ой мен сезімнің түрлі құбылыстарын дәл, әсерлі әрі көркем түрде жеткізе біледі. Ақын поэмаларында махаббат пен нәзік, сыршыл сезімдер қуатты романтикалық және патриоттық сезімі мен азаматтық болмысы ұлтқа деген сүйіспеншілікке, яғни ұлтжандылық идеясына ұласады. Ақынның аз сөзге терең мағына сыйғызу шеберлігі, астарлы ой арқылы кезең шындығын жеткізуі оның поэзиясын биік деңгейге көтерді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қабдолов, З. Сөз өнері [Текст] / З. Қабдолов. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

2 Базарбаев, М. Казахская поэзия: художественное искание [Текст] / М. Базарбаев. – Алматы, 1995. – 304 с.

3 Молдағалиев, Ж. Шығармалар: үш томдық. Т. 2 [Текст] / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Жазушы, 1980. – 432 б.

4 Мәшһүр-Жүсіпов, Қ. Дағдылы балама және жаңалық мәселесі [Текст] / Қ. Мәшһүр-Жүсіпов // Өлең – сөздің патшасы: зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 216 б.

- 5 Молдағалиев, Ж. Қызыл галстук: поэма [Текст] / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Жалын, 1980. – 122 б.
- 6 Ахметов, З. Олен сөздің теориясы [Текст] / З. Ахметов. – Алматы: Мектеп, 1973. – 211 б.
- 7 Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы [Текст]. – Алматы: Ғылым, 1981. – 320 б.
- 8 Молдағалиев, Ж. Мен қазақпын [Текст] / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Жалын, 1978. – 160 б.
- 9 Қирабаев, С. Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген [Текст] / С. Қирабаев // Егемен Қазақстан. – 2000. – 20 қазан.
- 10 Казакова, Р. Қуанышқа ортақпыз [Текст] / Р. Казакова // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 3 октябрь.
- 11 Шарабасов, С. Жұбан Молдағалиев азамат ақын [Текст] / С. Шарабасов // Конференция материалдары. – Орал, 2000. – 294 б.

REFERENCES

- 1 Kabdolov, Z. Soz oneri [The Art of Words]. Almaty: Kazakh universiteti, 1992. 352 b. – (In Kaz)
- 2 Bazarbaev, M. Kazahskaya poeziya: hudozhestvennoe iskanie [Kazakh Poetry: Artistic Quest]. Almaty, 1995. 304 s. – (In Rus)
- 3 Moldagaliev, Zh. Shygarmalar: ysh tomdyk. T. 2 [Works: in Three Volumes. Vol. 2]. Almaty: Zhazushy, 1980. 432 b. – (In Kaz)
- 4 Mashhyr-Zhusipov, K. Dagdyly balama zhanc zhanalyk masclesi [The Issue of Conventional Equivalent and Innovation]. In: Olen – sozdin patshasy: zertteuler. Almaty: Zhazushy, 1991. 216 b. – (In Kaz)
- 5 Moldagaliev, Zh. Kyzyl galstuk: poema [Red Tie: Poem]. Almaty: Zhalyn, 1980. 122 b. – (In Kaz)
- 6 Ahmetov, Z. Olen sozdin teoriyasy [Theory of the Poetic Word]. Almaty: Mektep, 1973. 211 b. – (In Kaz)
- 7 Kazakh poeziyasindagy dastyr ylasuy [Continuity of Tradition in Kazakh Poetry]. Almaty: Gylym, 1981. 320 b. – (In Kaz)
- 8 Moldagaliev, Zh. Men kazakhpyn [I am Kazakh]. Almaty: Zhalyn, 1978. 160 b. – (In Kaz)
- 9 Kirabaev, S. Men – kazakhpyn myn olip, myn tirilgen [I am Kazakh, Dying a Thousand Times, Revived a Thousand Times]. Egemen Kazakhstan. 2000. 20 kazan. – (In Kaz)
- 10 Kazakova, R. Kuanyshka ortakpyz [We Share the Joy]. Kazakh adebieti. 1980. 3 oktyabr'. – (In Kaz)
- 11 Sharabasov, S. Zhuban Moldagaliev azamat akyn [Zhuban Moldagaliev, Citizen Poet]. Konferenciya materialdary. Oral, 2000. 294 b. – (In Kaz)